



XX ҒАСЫР МЕН XXI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ КІТАП ГРАФИКАСЫ

МРНТИ 18.31.41.

Г. Б. Қосанова ¹

¹ Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер
Академиясы
(Алматы қ. Қазақстан)

XX ҒАСЫР МЕН XXI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ КІТАП ГРАФИКАСЫ

Аңдатпа

Қазақстан бейнелеу өнері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қарқынды дами түсті. XX ғасырдағы графика саласында негізгі алынған тақырыптары және таңдалған көркем материалдары күрделі болды. Өзекті мәселелердің жеке адамға және қоғамға қатысты жақтары тұрғысынан ұлттық рухани дамуды, халық өмірінің дәстүрлі тыныс-тіршілігі мен тарихынан көрініс беретін көркемсурет энциклопедиясына айналғандай әсер қалдырып, құнды, теңдесі жоқ тарихи мәлімет болғанын мойындатады да, графика саласы арқылы линогравюра, литография және офорт түрлерінен бастау алып, кітап графикасы бойынша қоғам санасына енетінін ерекше мәліметтер арқылы дәлелдейді. Алдымен қарастырсақ, Қазақстан бейнелеу өнері бойынша графиканың түп- тамыры Ә.Қастеев туындыларынан бастау алады. Келесі ретте ауыз толтырып айтатын графикалық салаға ерекше көзқараспен үңілген топ суретшілер: Е.Сидоркин, М.Қисамединов, И. Исабаев, А. Гурьев, А. Рахманов, Қ. Закиров, Т. Ордабаев, Қ. Каметов, А. Дүзелханов жарып шықты. Суретшілердің шығармашылығында өткір мәселелердің өзектілігі байқалады. Көбінесе тарих, фольклор, жыр, әдебиет арқылы әр оқиға графикалық парақтардың көмегімен ашыла түседі. Осы кітап графикалары арқылы жас жеткіншектер халық қаһарман батырларымен таныса алады.

Трек сөздер: Қазақстан, бейнелеу өнері, графика, фольклор, кітап графикасы, көркем шығарма, графика түрлері.

КІРІСПЕ

Қазақстандық графика саласында арнайы зерттеу жұмыстары бойынша бүгінгі күнге дейін қарастырылған мәлімдемелер аз емес. Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихы қысқа

болғандықтан, графикалық беттердің көлемді шығармаларын дәл бүгінгі күні ерекше қарастыру толғандырады. Графикалық туындыларды сақтау ережесін қатаң тәртіппен қамдастырылу міндетке алынғандықтан болу керек:

графикалық беттерге үлкен ынталы құштарлықпен етене беріліп жұмыс істейтін суретшілер қауымы саусақпен санарлықтай болса да, сөзге тиек етері сөзсіз. Дегенмен кітап санының қағаз беттеріне қарай, оның данасына қарай санын өлшейтін болсақ, елеулі үлеске ие болуға мүмкіндік тиері хақ. Әрине кітап бетінің қатарына бұрын соңды ол күрделі сараптамадан өтіп барып, бірнеше көзқараспен, сынмен әшкереленіп алғаннан кейін кітапқа ілігіп отырды. Ал бүгінгі күнгі суретшілердің көпшілігі графикадан тыс бейнелеудің басқа салаларымен шұғылданады да, кітап графикасы бастау алатын графиканың өзі тысқары қалуда. Оны ашып айтқанымыз абзал. XX ғасырдағы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі графика бойынша біздің әлі де айтатынымыз Ә.Исмаилов және оның графикалық туындыларын еске түсіреміз, сондай-ақ 1960-1980 жылдардағы баспа графикаларымен белгілі болған Е.Сидоркиннің «Абай жолы» мен «Алпамыс батыры», И.Исабаевтың «Батырлар жыры», М. Қисамединовтың «Махамбеті», А.Рахманов және Б.Пак есімдері аталады [1, 4-56б.].

XX ғасырдағы графика саласында негізгі алынған аса маңызды тақырыптар мен таңдалған материалдарымен күрделі, өзекті мәселелердің жеке адамға және қоғамға қатысты жақтары тұрғысынан ұлттық рухани дамуды, халық өмірінің дәстүрлі тыныс-тіршілігі мен тарихынан көрініс беретін көркемсурет энциклопедиясына айналғандай әсер қалдырып, құнды, теңдесі жоқ тарихи мәлімет болғанын мойындатады да, графика саласы арқылы линогравюра, литография және офорт түрлерінен бастау алып, кітап графикасы бойынша қоғам санасына енетінін ерекше мәліметтер арқылы дәлелдейді.

Солдай десек те, графикалық беттерге тақырып болған күрделі мәселелерді ашу мүмкіндіктері, сурет шеберліктері мен әдістері кітап графикасының өзіне ғана тән ерекшеліктерінің тәртібінен байқалғандығын да мойындау керек. XX ғасырдағы нақты графика саласына мазмұн болған тақырып мүмкіндіктері алуан түрлі. Оның бір оқшау немесе шектеулілігі болмады. Сондықтан оны жан-жақты қарастырамыз.

ӘДІСТЕР

XX ғасырдағы және XXI ғасырдың басындағы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі графикалық беттердің тақырыптарының әртүрлілігіне қарамастан кітап графикасы суретші ойына, қоғам санасына қазақтың тарихи энциклопедиясының тек айқын, өткір әлеуметтік оқиғасымен енді, оның беретін тәрбиесі мен пайдасы көп.

Алдымен қарастырсақ, графиканың түп-тамыры Қазақстан бейнелеу өнері бойынша Ә.Қастеев туындыларынан бастау алады. Сондықтан өз шығармашылығында графикаға үңілмей сырт айналып өткен суретші жоқтың қасы. Осыған орай графиканы түбегейлі жоққа шығаруға болмайды. Ал оның ішіндегі кітап графикасын атап ескеру бір бөлек мәселені көздейді.

Біріншіден Ә.Қастеев қатарлы суретшілер Ә.Исмаиловтың 1920-шы жылдың соңы мен 1930-шы жылдың басындағы алғашқы туындыларының бірі «Қарағанды, Шахтада» (1932ж.) деп аталады [2, б.152-155].

Өте үлкен шешіммен шыққан жұмыстың ерекшелігі әдетте көзге қонымды гравюра деген атаумен және материалмен сәйкестеп болжайтын линогравюра немесе соның бір түрі емес, кескіндеме тәріздес тушь арқылы қылқалам ұшымен алынған графикада

шеберлікпен пайдаланылатын жарық пен көлеңкелі қара түспен әрленген шығарма болып отыр. Сондықтан бұл шығарма әлі де жалғасын табатын болса, кітап графикасына айналатыны сөзсіз еді, дегенмен мұндағы ақ қағаз негізді берсе, оның үстіне түскен мағыналы сурет тушь құралымен айқындалып келешектегі ойды шектеп шешімін тауып тұр. Осыған орай бұл суретшінің графика ішіндегі кітап графикасына үңілмегені көрінеді. Сондықтан көптеген шығармалары қылқаламның ұшынан негіз алып, түрлі-түсті акварельге алмасты.

Келесі ретте ауыз толтырып айтатын графикалық салаға ерекше көзқараспен үңілген топ суретшілер: Е.Сидоркин, М.Қисамединов, И. Исабаев, А. Гурьев, А. Рахманов, Қ. Закиров, Т. Ордабаев, Қ. Каметов, А. Дүзелханов жарып шықты [2, б.187]. XX ғасыр мен XXI ғасырдың басындағы Қазақстан бейнелеу өнеріне елеулі үлес қосып, графикамен айналысып, ұтымды шешім көрсетіп, шеберліктерін танытты. Әр түрлі стильдегі, әр түрлі жанрдағы әрқилы кітап көрінісінен өзекті мәселенің арқауы болатын нүктені тауып бейнелеген, өзекті мәселені көтеру, көркемдік идеяның тереңдігін графика арқылы танытып, кітап графикасының стилистикасының өзіндік мәнерін көрсетуге тиімді жолдарын белгілегені ұтымды болды.

Графика саласы бойынша ерекше аталатын есім Е. Сидоркин - өзге ұлт иесі деген сауалға жиі ұрынамыз. Дегенмен өзіңді қазақпын деп танығың келсе М. Әуезовтың «Абай жолы» романын түбегейлі оқып шық деген, ел арасындағы сөз осыған жауап болары сөзсіз. Өзге ұлт иесі бола тұра қазақ елінің тарихын, өнерін, салт-дәстүрін, ойын-сауығын жан дүниесімен жүрегімен

қабылдап сезіне білген график Е. Сидоркин болып отыр. Бұл суретшіні кітап графикасында атап өтуіміз «Абай жолы» романының оқиғасына арнап иллюстрацияларды жасағаны. Осындай Ұлылықты танытатын тарихи-әдеби оқиғаның мәнін, мазмұнын сурет арқылы ашу бүгінгі кітап графикасында көкейтесті мәселенің бірі болмақ. Суретші үшін Қазақстан мемлекеті үлкен құпия сыр мен шеберлерге толғаны аңызға айналды, осыған сәйкес графиканың да ақ пен қарадан тұрап, түссізденіп кетуінің өзі, оның қатаңдығы, контурлық өткір сызықтары терең ой, құпия, тұнып тұрған санаға сіңіре алмас дөңгелек төртгүл. М.Әуезовтың күллі қазақ еліне танымал шығармасы «Абай жолы» романы эпопея болып күрделі көкейтестілікке ілігетін тақырып ретінде қозғалып, оның ішіндегі графикалық шешімдер Е.Сидоркин қолынан шығып литографияға айналса, оны атап өтуіміз керек дүние. Мұнда қазақ энциклопедиясы жатыр, ауыл көрінісі арқылы қазақ елінің табиғаты, байлығы байқалады, елдің қазақи мінезі, қонақжайлылығы, сонымен қатар соның арқасында тапқан сатқындық шебер бейнеленген, ауыл мінезі әр графикалық беттерде көрсетілген кейіпкерлердің бет жүзінен көрінеді. Салт-дәстүр және жастардың ауылды көтеруге ұмтылған ынта-дәрмені, қазақ халқының қолынан кетпеген домбырасы, сал серілердің қасынан табылатын құмай тазысы мен жүйрік аттары бейнеленеді. Бұл графикалық беттерді жазу, алынған тақырып мазмұнының дәрежесімен пара-пар. Осыған сәйкес бұл суретшінің

Салтыков-Щедриннің «Бір қаламның тарихы» атты кітаптарында жазылған жұмыстары орын алады, «Сәкен Сейфуллинді оқығанда», «Ақсақалдар», «Қазақтың ұлттық ойындары» атты

автолитографиялары сырт көзқарастың бірден түсініп кетуіне қарай жеңіл тілмен жазылғандай әсер береді, ол суретшінің шеберлігін танытады. Яғни, қарапайым халықты графикаға тартуы халыққа жақын тақырыпты көздеуі және суретті әдеби шығармамен ұштастырып кітап графикасына айналдырып өзге елдермен тілдесуінің бір белгісі болып отыр. Расында, әдеби шығармада жазу болса, графикада мәнер бар деп ұйғарып, бейнеленген суретті суретшінің жазу мәнері деуге үйлеседі. Е.Сидоркиннің алған тақырыптары үлкен мәселені қамтыды. Ол халық өмірімен, солардың көзқарасымен өмір сүруге тырысты, солар қалаған тақырыптарды графикамен көрсетіп беруге талпынды. «Бүркіт ұстаған аңшы» (1963) атты графикалық туындысы нақты кітап графикасы болмағанмен, әдеби салада осыған сәйкес өлеңдер өте көп болды. Сондықтан бұл бейне кез-келген Бүркітші атты оқиғаға сәйкес деуге болады. Мұнда қазақ халқының өжеттілігін көруге болады, «Өжеттілік» деген мағынаны графика бетіндегі композицияның диаганалымен ұштасқан форматтың қарама-қарсы бұрышының бетпе-бет келуімен шешіледі. Яғни, белгісіз жыртқыш аң мен бүркіттің болуын тудырады. Ал бүгінгі қоғамдағы мәселемен салыстырсақ байрағымыздығы бүркіттің ел сыртын қоршап тұрған шекаралас жатқан елдердің жыртқыштығын бақылауымен сәйкес деуге болады. Сондықтан мұны бүгінгі зиялы қауым әлі ілтипатпен қабылдайды, халық жылы лебіз танытады. «Қазақ эпосы» сериясы үшін 1959 жылы қола медалімен марапатталған суретшінің тағы бір туындысы бар дегенмен бұл туындылар кітаптың жеке беттеріне айналмаған, бірақ оның да орны

бөлек, өйткені «Қазақ эпосы» елдің фольклоры болғандықтан ертеңгі күні көкейтесті мәселенің біріне айналып, кітап беттеріне енуі ғажап емес. «Сәкен Сейфулинді оқығанда» атты еңбегі үшін 1965жылы алтын медальмен марапатталды. Қазақ жеріндегі үлкенді-кішілі азамат Сәкен Сейфулинді біледі, таниды, оның өлеңдерімен таныс, ал енді ены оқығанда деген атаумен суретші С.Сейфулиннің алған тақытыптарын, халыққа деген үндеуін ескереді, ол да бір графика тәріздес үндеу болмақ, өйткені қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына ілінген Сәкен жаста болса, қазақ еліне бастау болып кетті. Сондықтан жаралы адам, азаматтың рухани - өркениеттілік мәселесі тереңінен кең ауқымда қопара ашылып қаралған. Ол графикалық өткір беттерден орын алады. Бұл оқиға ХХ ғасырдың жалпы өнер қозғалысының аясында Қазақстандық графиктердің шеберлік деңгейінің үздік ұмытылмас сәті болып қала береді. Әлеуметтік мәселені қарастырудағы ізденісті суретші кітап графикасы арқылы шешімін табуы өзекті [3, б. 64-68].

ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың басындағы графика саласы қарқынды дамыды деп айту қиындық тудырады. Дегенмен, кітап графикасы көштен қалған емес. Өйткені қоғамда әдеби сала қарқындап тұрғандықтан, баспа қалыс қалмай, қарап тұрмады. Графика бойынша қолданатын әдіс-тәсілдер өз орнын жоғалтпады. Тақырыптардың мазмұны қоғамға байланысты емес, белгілі әдеби шығарманың мазмұнына, кітаптың құндылығына сәйкес болды.

Графикалық беттердің құрылымы, ой-өрісі, басты қаһармандары өзгермеді. Дегенмен суретшілердің стильдері жаңалықтарға ие бола бастады. Кітап мазмұнына қарай басты кейіпкерден, саяси өмір қарбаласып жатқан қоғамнан

тұрды. Көбінесе ой түйіні бір қаһарман және оның айналасында болып жатқан құбылыспен сабақтас еді. Сондықтан да графиканың әр бөлігінде басты назарға іліккен объект болды. Сол арқылы сілтеме алып отырған көрермен ой-өрісін бақылауға мүмкіндік туды [4, б.11].

Осыған сәйкес, графиканың ерекшелігі басты негіз ретінде қоршаған ортадағы адам және қоғам аралығындағы шынайылықты көздейтін нақ өмірдің шындығы ретінде сериялар жасады. Және оны әр тақырып төңірегінде нәтижелі орындай білді.

НӘТИЖЕЛЕР

М. Қисамединовтың есімі гравюралық сериялар арқылы ақын, батыр тұлғалардың бойындағы отан сүйгіш жүректі, жігерлі, айбынды қаһармандарын көрсетуімен танылды. Әділетсіздікке қарсы күрескен, езілген халықты қорғауға ұмтылған, поэзиялық дарынымен тарихта қалған Махамбет Өтемісұлының қайғылы тағдырына негіз қойып, өзекті мәселені көтергендей болды. Бұл мұнымен қалыс қалмай қаһарман қайғысымен ортақ күйреген табиғаттың жаралы жаны туралы ой-толғауын береді. Яғни, графикада басты кейіпкер ақын, батыр болса, табиғаттың бір ұшқыны ретінде алыста елеңдеп тұрған жалғыз түп тал және жан айқайымен шауып бара жатқан жүйрік ат қайталама әсері көрініске ие болғанын шебер бейнелеген. Графикадағы ақ пен қара түстер, өмір ащысы мен тұщысын айырса, иілген ирек сызықтардың өзінен озбыр ашу-ыза байқалады. Дегенмен, бейнелеу өнерінде көп кездесетін әр саланың басты кейіпкері Махамбет ерекше батырлығымен танылып отырғанымен, М.Қисамединов бұл бейнеде өзінің қазақи мінезін танытып, ой-философиясын қоса алып

көрерменді тұңғыыққа терең үңілуге жетелейді. Бұл гравюраға кез-келген адам бірақ-ақ назар аударып қарағаны жеткілікті. Өйткені сурет өзі сөйлеп тұрғандай мазмұнды толық түсіндіріп береді. Махамбет бейнесі ақын және батыр десе, гравюра бойынша жазылған беттерінде бірі домбырамен, екіншісі қылышпен көрсетілген. Тағы бір ерекше көзге ілігетін шығармасы үлкен сезіммен айтуға тұрарлық линогравюрасы «Махамбет» бөлімінен алынған «Інген» (1973ж.) деген атаумен белгілі. Қайғыдағы жануардың ішкі сезімін қозғалысты силуэт арқылы айқындаған. Ақ қағазға бейнелеген көлеңкелі қара сынық сызықтармен бөле қарастырған бұл әдісінен ақынның ішкі ой-сезімі мен күш-жігері барынша әсерлікпен жеткізген. Сондықтан бұл график-суретшінің ірі тұлғалы бейнелерінен көшпелі халықтың қонақжайлы мінезін танытса, екінші қырынан ән-жыр дәстүрінің мәнеріне сәйкестігін дәлелдейді. Мұндай гравюра кітап графикасына айналар мүмкіндігі туса, оқулық мазмұнындағы жүрек жарды мәтінді және шынайылық демін сезінеміз. Яғни ақиқатты сезіну арқылы кітап мағынасын бақылап көрерменге жеткізу графикадағы кітап графикасының өнерге тигізген бірден-бір үлесі болып есептеледі.

Егер ашып қарасақ, суретшінің өзгеше көзқарасы, ойын еркін жеткізуі деуге тұрады. Ерекше құбылыс гравюрада қолданылған дара інгеннің бейнесі арқылы бүкіл оқиға желісін ақиқатты күйде ашуы болып отыр.

Екі график туралы ашып айтудың өзі олардың шығармашылығының бір-біріне сәйкестігі және еркіндіктері. Оқиғаны дәл сол қалпында қабылдап гравюра арқылы жеткізу ерекшелігі М.Қисамединов пен Е.Сидоркин шығармаларының

тақырыптарының ұқсастығы эпос пен фольклорда жатыр. Осылардың қатарындағы ерекше атаққа ие болған суретші шығармашылығы И.Исабаевтың кітап графикасымен шұғылданғаны.

ДИСКУССИЯ

И.Исабаев сынды шебер график «Батырлар жыры» атты еңбектің арнайы суретшісі атанған. Кітап графикасы осы шебердің туындылары арқылы зеттеліп, зерделенетіні ақиқат болмақ. Бұл график гравюра және офорт беттерін фольклормен, ауыз әдебиетпен теңей отырып, нағыз нысанасын белгілей білген. Мұнда өзге суретшілер тәрізді өзіндік авторлық жекеленген қолтаңбаларымен айрықша. Салыстырмалы түрде графика туындыларын тізбектей қарастырсақ, сынның шыңына ілінетіні: Е.Сидоркинның «Абай жолы», «Қазақ эпосы», М.Қисамединовтың «Махамбет» сериясы және И.Исабаевтың «Батырлар жыры», яғни мұның барлығында да тарих көзделері сөзсіз.

Әрбір графиктің шығармашылығы нақты графика саласы емес, оның ішіндегі кітап графикасы болғандықтан, тақырыпты қай тұрғыда ашуға бейімделгендігін бақылауға болады. Әдеби шығармадағы көз көрмеген оқиғаны суретпен бейнелеуді және кездеспеген жәйттерді нақ көре білуді талап етсе, екінші қырынан терең сезіне білуді қажет етеді де, оны өз шеберлігімен көрсетуді міндет қылады. Сондықтан бұл өте күрделі міндетке айналатын жауапты іс болып табылады. Дегенмен, тарих пен фольклордағы оқиға бүгінгі көріністе де сақадай көрініп тұр-ақ. Тарихтағы Махамбет бүгінде көрінеді. Кітап графикасында жасандылық бар деп атауымыз өте күрделі қателік болады, ал енді

суреткерлік немесе мәнері жағынан шикілікті танып ашуға болады, оның өзі өте аз деуге келеді. Өйткені нақтылы фактілер шындыққа жанасатыны деректілік. Мәселен, И.Исабаевтың «Қазақ фольклоры» бөлімінен алынған «Той» деген туындысы өз көптігін көзге елестетеміз, ал енді шығарма композициясының күрделілігімен айқындалды. Фольклордан той тууы да мүмкін, өйткені әрбір тойда ойында бір типті, тек тарихтағы той фольклор көбірек болуы басымдылықты танытады, ескі дүниенің көзін көрсетеді. Суретші өз гравюрасында дара стильді меңзейді, өзге графиктерге қарағанда И.Исабаевтың гравюралық беттері көпфигуралылығымен көзге түседі. Кейде графиканың талабынан шектеледі-ау деген күмән тудырады, дегенмен жұмысы барлық талаптан мүлтіксіз өтуіне қарағанда шеберлігін анықтаған, өзінің жеке қырын байқатқан бұл графикті атамасқа болмайды. Сондай-ақ бүгінгі күні той туралы жазылған әдебиеттер өте көп, бұл жұмыс осымен тоқтап қалмай, бүгінгі өмірдің тойының белгісі ретінде кітап графикасының үлгісі болуы да мүмкін деуге болады [5, б.21-22].

Осы сәтте талданған гравюраларды бағдарлап қарасақ, бұл көрерменге еркін жеткізу жүзеге асқан графика түрі болып отыр. Суретшілердің шығармашылығында өткір мәселелердің тақырыптарға деген бетбұрысы байқалады. Өте күрделі мәселелер қозғалады, тарих, фольклор, жыр, әдебиет арқылы әр оқиға өз жалғасын тауып тұрғандай. Осы кітап графикалары арқылы жас жеткіншектер халық қаһарман батырларымен таныса алады. Әсіресе, тарихи тағылымдарды танып, фольклор мен жырдағы ойды түсіндірудің нәтижесінде адамдардың таным-түсінігінің артуы байқалады. Мұндағы

суретшілер кітап графикасының негізгі мәселесін түсінді және халыққа жақын болуға тырысты. Бүгінгі қазақ кім? Мұны тану үшін кешегі қазақты білу шарт. Тамыры жоқ ағаш, тарихы жоқ халық болмайтынын ұғынды. Е. Сидоркин, М. Қисамединов, И. Исабаев графиктерінің қатарындағы орындары толмас А. Гурьев және А. Рахмановта бар. XX ғасыр өнерін өрістеткен, өзіндік жеке шеберлігімен танылған, бірнеше гравюра беттерінің авторлары Қ. Закиров, Т. Ордабеков, Қ. Каметов, А. Дүзелханов сынды графиктер [6, б.33].

Қайырбай Закиров өзінің литографиялық серияларында көбіне нақты заттарға, тән дәлдікті көздеп, ерекше есеппен ақ пен қараны әшкерелей бейнеледі. Ол нүкте және дақ арқылы оқиғаны баяндауға тырысты. Яғни «дақ» белгісі графикада алынған басты кейіпкердің қайғылы сәтіндегі, көңіл-күйіндегі ұмытылмас із болуы мүмкін деуге келеді. Бұл аса қиын адым. Сондықтан суретші ойы күрделі психологиямен байланысып, XX ғасырдың жаңа өзгеру мәнеріне ұшырап отырғандай. Мұнда графиканың сапасының ұтымдылығы бар. Онда нағыз бүгінгі көріністегі ізденістерге жол берілген. Сондықтан бүгінгі күнгі жағдайдың әсерінен кітап графикасы ұтымды шешім табары сөзсіз, ол кітап әрлендіруге сәйкес келетін дүние болуы қуантады. Яғни бүгінгі күн тапсырыс бойынша әрекет ету керек дегенге алып келеді. Жаңа қоғам өзгерісіндегі мәселелерге қарай суретшілердің де стильдері өзгеріске ұшырай бастауы дегенді көздейді. Кейінгі кітап графикаларынан жаңаша әдіс-тәсілдерді бағдарлауға болады. Мұндай мәнерді негізге алып, басты орынға қойған суретшінің батылдығы және адамдардың таным-түсінігінің де әлдеқайда

жоғарылап, шет елдік туындыларының түсінігіне қарай бейімделгендігі сезіледі. Бәлкім сондықтан шығар шет елдіктерге Қ. Закировтың жұмыстары ерекше көрінген. Олар көбінесе дақпен жазудың мәнеріне жеке атау берген ел емес пе?!

Дегенмен, оқиғаның бастауы Қазақстанмен шектелгендіктен жазу мәнеріндегі жеткізу мәселесі тақырыптың түп-тамырын өзгертіп жойып жібермейді, керісінше оған нәр беріп жаңа тәсілмен әрлендіріп Қ.Закировтың пайдаланған қолтаңбасына тән ерекшелік болып қала бермек.

XX ғасырдың және XXI ғасырдың басындағы нақты кітап графикасымен шұғылданып келген график суретшісі Ағымсалы Дүзелханов. Ол графиканы тереңінен меңгергендіктен, сырт көзқарастың сынынан сүрінбей өтіп, Америкадағы 150-елдің ішінде бүкіл қылқалам шеберлерінің арасынан суырылып шығып үлкен іріктеуде елдің мақтанышына айналған суретші. Бүгінде «Дүние жүзі суретшісі» деген мәртебелі атаққа ие болып

отыр. Оның кітап графикасына назар аударсақ әліппеден басталады. Нағыз кітап графикасы керек қоғамдағы қауым бүлдіршіндер мен мектеп оқушылары болғаннан ба көбінесе ертегілерге, өтірік өлеңдерге, жырларға арнап иллюстрациялар жазды. Ол түске басты назар аударғанының белгісі түрлі-түстілігінде. Бұл графика, гравюра және нағыз кітап графикасының арасындағы айырмашылық ықпалы [2, б.157].

Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі кітап графикасының қазіргі тақырыптары, бүгінгі шыққан әдебиеттің көздеген нысанасын өз мақсатына ұстанған А.Дүзелханов «Томирис», «Сақтар», «Оғыз хан», «Абылай хан» атты

графикалық шығармаларды дүниеге әкелді. Мұнда қазақ жастарының бойынан патриоттық сезімді ояту, тереңдеп кеткен ата-баба мирасын мұрагерлеріне жеткізу, графика арқылы жеткізу болса, «Тазша бала», «Алдар» туралы тақырыптары шешендікті, ойшыл бүлдіршін, шыншыл азамат болып өсуіне ықпалын тигізу еді. Мұндағы көп кезігетін тақырыптар фольклор болмақ, яғни, «жыр», «жырау», қазақ көңіліне жақындықты танытады. Санасына қомақты ой тастап, жүректі оятады.

Көркем өнердің құдіреті үшін жанын пайда ететін күрес-өнер тарихы. Бұл сапарда талай қуаныш та, талай күйзеліс те болған. Осы сәттегі тарихи оқиғаны жеткізу және оны жас бүлдіршіндерге жеткізу ең күрделі іс.

Рухани әлемі өзгерген бүгінгі адамның эстетикалық талабы да өзгерді. Шексіз құбылыс тасқыны, қызу өмір тынысы, биік ой сана өзгертпей қоймайды. Сондықтан бүгінгі кітап графикасының талабы өмірдің өз тынысындай өршіл, алуан және арқалы. Басты сипат-кеңістік пен тереңдік, тірліктің барлық тынысын өнерге өзек етуінде графиканы бір қарағанда алынған тақырыбы тарихи, көркемдік шешімі сан-салалы болғанмен, ортақ ерекшелігі – көркемдік тәсілді мәнерлі әрлендіріп, графикалық ұтымды шешімді жеткізу. Символ, ой ағымы уақыт пен оқиғаның алаңын емін-еркін ауыстырып отырып, алмастыра бергенде түйінінің бір болуы және тартыс-күрес арқылы ой-сезімді шарықтату, сондай-ақ суреттеу, бейнелеу тәсілін күрделендіру, құбылту керек екендігі көрінеді. Қиял арқылы композициялық өрнекті құбылту қазіргі адам дүниетанымы мен ой өрісіне сай келеді [7, б.25-29].

Міне, осы сипатты қасиеттерді «Абылай хан», «Томирис»

шығармаларында дұрыс, қолайлы пайдалана білген суретші қоғамның ең кішкене бөлігінің жүрегінен шығып отыр. Ол тақырыбына керекті де қызықты мәселені таба білді.

Бүгіннің кез-келген суретшісінің шығармашылығына үңіле қалсақ «қазіргі» деген мағына байқалады. Ал графика саласы бойынша бақыланбайтыны, өйткені оның арнайы қондырғы арқылы, кезекті түстердің әрекеттесуі арқылы жүзеге асуына байланысты болар. Дегенмен графиканың көмегімен көркем сурет өнеріндегі барлық қозғалыс, композиция құрылымы нақ айқындалатыны анық. Сондай-ақ көбіне алынған тақырыптың төркіні жалаң емес, өте күрделі мәселелі болады.

Қ. Каметовтың «Абай өлеңдері» бойынша жасаған «Әткеншектер» деген беті көрермен көңілінен шыққан туынды.

Мәңгілікке айналған кітаптар тарихы да, оның қаһарманының өмір хикаялары да қызығушылықты танытады, осыдан келе кітапты жазған автор кітапқа, ал кітап өз авторына айналып кетеді. Сондықтан біздің есімізде Абай өлеңдері есте сақтайтындай мирас.

«Абай өлеңдері» бойынша иллюстрациялар жасағандардың ішіне Қ. Қожықов та енеді.

Бақылап қарасақ, Қ. Каметовтың Абай өлеңдерінен алғаны ойын үлгісінің бір бөлігі болса, Қ. Қожықов Абай бейнесінің өзін ашуға тырысқан. Екеуі де Абайдың ұлылығын көрсетеді. «Әткеншектер» үлкен көтеріліспен сәйкестікті танытады, аударылып-төңкеріліп өткеншек өзінің астарлы қасиетін қосымша айқындайды. Онымен ойнаған жастарға сақ болуды меңзейді. Композициясы да өте күрделі, шашыраңқы алынып, астан-кестендікті, яғни сол кезеңдегі шиеленісті байқауға болады. Әдебиетті өнеріміздегі және

бейнелеу өнер саласындағы алғашқы бет деп танып, соған жүгінетін болсақ, оның оқиға желісін алатын ортасы ол ауыл. Уақыт ағымының көтерген мәселелері, барлығы ауыл тақырыбының аясында кірістірілген. Және де әр кезеңдегі жарық көрген туындылардан ауылдың бет-бейнесінің уақыт өте келе өзгеріп отырғанын оған қоса сол ауылдың ішкі психологиялық өзгерісін көреміз. Яғни, өткеншектер ұлттық ойынның біріне де жатпайды, ал енді Абай өлеңдерінен алынғандықтан адамдарға ұлттық деген ой тастауының өзі астарлы болмақ. Ол ойын болуына байланысты оның шапшаңдығы мен үлкен қозғалысы ерекше аталады және графика арқылы көрсетілуі де өзгешелігін айқындайды. Абай өлеңдеріне жазылған Қ. Қожықовтың иллюстрациясында жаңалықтың барын сездіреді. Оның алған композициясы, стилі, орындау тәсілі, бір сызықпен икемдеп сызып бүкіл Абай бейнесін ашуы шеберлік. Мұнда да ауыл көрінісіне сырттай үңілеміз, тұтастай бақылауға Абай көзін береді. Дегенмен, Абай болу әр адамға тиесілі емес-ау. Абай болу үшін өлең керек, суретші орналастырған композициялық құрылымына арнайы өлең жазылғандай әсер береді. Бұл иллюстрацияға үңілген әрбір зиялы қауымда түрлі тақырыптың бастауы келері сөзсіз.

Кітап графикасының ұтымдылығы арнайы өлең сөздің немесе әңгіменің төркінін анықтап барып жазылуы. Тек сонда ғана композиция тұйықталады, картинаның сырты рамкамен

шектелгендей нақтыланады. Өмірдің шынайы шындығы, халықтың тұрмысы мен болмысына тән мінез-құлқы еш боямсыз сол қалпында берілуі графиканың ұтымды берілуіне байланысты. Осыған сақадай сай келетін батырлар туралы жыры, әсіресе Т. Ордабековтың «Доспамбет жырау» туындыларының тақырыптары. Әрбір туындыдан күреске бекім кіріскен жастарға еркін батырлық рух бергендей дарындылық көрінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кітап графикасындағы шығармашылық тапсырыспен қатар жүргенмен, тақырыптың мән-мазмұны сақталса, сапасы жоғалмай негізгі графикалық белгісі сақталса ғана кітап графикасына айналып, әрдайым бір қалыпты ойды ұялайды. Дегенмен, Графика саласы көзге ерекше ілініп, орын алып, өз орнын нақты сайлаған сала бола алады, ол туралы шет елдіктер, Ресей елінің зерттеушілері түп-тұқиянына дейін зерттеді деп айта аламыз.

Кітап графикасына сәйкес ұтымды жазылған графикалық иллюстрацияларды толығымен қарастырып отырып, әр алынған тақырыптарындағы көтерген мәселелерін айқындайтын иллюстрацияларды шынайы талдау арқылы ашып, стильдерінің өзіндік ерекшелігін бір-бірінен айыра, кітап графикасына ең тиімдісін таңдауды көздеу кітап құндылығын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мастера изобразительного искусства Казахстана: Сарыкулова Г., Рыбакова И., Габитова. – Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР, 1972, 1981, 1994.- 256 с.
2. Галымжанова А.С., Глаудинова М.Б., Кышкашбаев Т.А., Шкляева С.А., Муратаев К.К., Елеукенова Г.Ш., Барманкулова Б.К. История искусств Казахстана. Учебник. – Алматы: Издат- Маркет, 2006. – 248 с., илл., 32 с. цв. вкл.

3. Шалабаева Г.К. Евгений Сидоркин. Антология художественного метода. – Алматы, 2005. – 160 с.
4. Исатай Исабаев: каталог/ құрастырған Төленовтар отбасы. – Алматы: «Таймас Принтхаус», 2007.- 60 б., сур.
5. Қазақ фольклорлық ұлағаты: кәсіптік білімге арналған энциклопедиялық анықтама. – Алматы, 2011. – 368 б.
6. Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки./ В аспекте связи с первобытным фольклором. – Алматы: Дайк- Пресс, 2004.
7. Кадырбек Каметов: Альбом./ авт. Вст. ст. и сост. Е. Зальцман. – Алма – Ата: Өнер, 1990. – 48 с. илл.
8. Қазақша – орысша, орысша - қазақша терминологиялық сөздік/ жалпы ред. басқ. М.Б. Қасымбеков, жобаның ғыл. Жетекшісі А.Қ. Құсайынов. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. – 552 б.
9. Жәмеқұлы М. Орысша- қазақша өнертану сөздігі: - Алматы: - Ана тілі, 1994. – 184 б.

Г. Косанова

Казахская Национальная Академия искусств им. Т. Жургенова, Алматы, Казахстан

КНИЖНАЯ ГРАФИКА В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСТАНА XX И НАЧАЛО XXI ВЕКА

Аннотация

Изобразительное искусство Казахстана в конце XIX и в начале XX века достигла высокого развития. В XX веке в области графики художественные темы и материалы были сложными. Индивидуальные и специальные аспекты этого вопроса являются тем, что это – национальное, духовное развитие, развитие традиционной жизни населения, которое прослеживается в истории, как энциклопедический словарь искусства, беспрецедентной и значимой истории информации с учетом того, что через графической индустрии, а значит, начиная от типов линогравюры, литографии и травления офорта, согласно по книжной графике, входит в сознание общественности и свидетельствует специфические информации. На первый взгляд корни графики в изобразительной искусстве Казахстана начинается с ранних работ А.Кастеева. В следующие ряды графической индустрии входят группы художников с особенными взглядами, как Е.Сидоркин, М.Кисамединов, И.Исабаев, А.Гурьев, А.Рахманов, К.Закиров, Т.Ордабеков, К.Каметов, А.Дузельханов. В творчестве художников наблюдается актуальность сложных вопросов, особенно каждое событие истории, фольклора, поэзии, литературы открывается с помощью графических листов. Благодаря книжной графике, молодежь и дети могут узнать о народных героях.

Ключевые слова: Казахстан, изобразительное искусство, графика, фольклор, книжная графика, художественное произведение, виды графики.

G. Kosanova

T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts

THE BOOK GRAPHICS IN FINE ARTS OF KAZAKHSTAN IN XX AND BEGINNING OF XXI CENTURIES

Abstract

Fine arts of Kazakhstan developed greatly at the end of XIX and the beginning of XX centuries. In XX century, artistic topics and art materials of graphs were difficult. Individual and social aspects of this question - it is the national, spiritual development, development of traditional life of the population, which can be traced in history as encyclopedic dictionary of art, unprecedented and significant history of information considering that through graphics industry, which means beginning from linocut types, lithography and etching according to book graphics, is in public consciousness and shows specific information. At first glance, the roots of graphics in fine arts of Kazakhstan begin with early works of A.Kasteev. The following ranks of graphic industry includes a group of artists with special views such as E.Sidorkin, M.Kisamedinov, I.Isabayev, A.Gurev, Rakhmanov, K.Zakirov, T.Ordabekov, K.Kametov, A.Duzelkhanov. Relevance of complex issues, especially, different events of history, folklore, poetry, and literature opens due to the graphic sheets in the works of these artists. With the book graphics, the youth and children can learn about national heroes.

Key words: Kazakhstan, fine arts, graphic arts, folklore, book graphics, piece of art, kind of the graphic.

Автор туралы мәлімет: Қосанова Г.Б. — өнертану магистрі,
Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, «Бейнелеу
өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы.
e-mail: a.n.gul@mail.ru

Сведения об авторе: Косанова Г. Б. — магистр искусствоведения, ст.
преподаватель кафедры «Истории и теории изобразительного искусства»
Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жүргенова.
e-mail: a.n.gul@mail.ru

Author's data: Kosanova G.B., master of art history, senior teacher of the
«History and Theory of Fine Arts» department at the T.Zhurgenov Kazakh
National Academy of Arts.
e-mail: a.n.gul@mail.ru